«ҚАЗАҚСТАН-РЕСЕЙ МЕДИЦИНАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» МЕББМ

НУО «КАЗАХСТАНСКО-РОССИЙСКИЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ»

Академиялық кеңес отырысында бекітілді /
Утверждено на заседании Академического совета

«25» октября 2019г. № 2

PL-03-13-06

магистранттардың ғылыми және эксперименттік-зерттеу жұмыстары туралы / о научно и экспериментально-исследовательской работе магистрантов

Әзірледі / Разработал		
Магистратура және докторантура бөлімінің бас маманы / Главный специалист отдела магистратуры и докторантуры	(колы / подпись)	**Ж. Алтаева**

Басылым 01 / Издание 01

Алматы, 2019

Өзгерістерді тіркеу парағы /
Лист регистрации изменений

№	Параграф / Параграф	Өзгерістер жасалды / Вносимые изменения	Күні / Дата	Аты-жөні, қолы / И. Фамилия, подпись
1	2	3	4	5

Мазмұны /
Содержание

	бет / стр.
1. Жалпы ережелер	**4**
2. Процессті жүзеге асыру тәртібі	**5**
3. Құқығы	**10**
4. Жауапкершілігі	**10**
Келісу парағы	**20**
1. Общие положения	**12**
2. Порядок осуществления процесса	**13**
3. Права	**18**
4. Ответственность	**19**
Лист согласования	**20**

1. Жалпы ережелер

1.1. "Қазақстан-Ресей медициналық университеті" МЕББМ (бұдан әрі – Университет) магистранттарының ғылыми және эксперименттік-зерттеу жұмысы туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысын регламенттеу, оның жүргізілуін бақылау және бағалау мақсатында әзірленді.

1.2. Нормативтік сілтемелер*:

1.2.1) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы.

1.2.2) Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

1.2.3) Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелері.

1.2.4) Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелері.

1.2.5) Университеттің академиялық саясаты.

* *Егер сілтемеде құжаттың шығарылған күні белгіленіп көрсетілсе, онда сол нұсқа ғана қолданылады. Күні белгіленбеген сілтемелер үшін сілтеме жасалған құжаттың соңғы жарамды нұсқасы қолданылады (кез келген түзетулермен қоса).*

1.3. Осы Ереженің талаптары Университет магистранттарының ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу процесіне қатысатын құрылымдық бөлімшелерге қолданылады.

1.4. Мүдделі тараптар:

Мүдделі тарап	Қажеттіліктер және күтілетін үміттер
1	2
Сырткы аудиторлар	Сыртқы аудитті жүргізудің тиімділігін арттыру
Магистратура және докторантура бөлімі	Университет магистранттарының ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру, үйлестіру және бақылау.
Профессор-оқытушылар құрамы	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмыстарына құзыретті бағалауды жүргізу
Ғылыми жетекші	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысын үйлестіру және құзыретті бағалау
Магистранттар	Ғылыми зерттеулерді жүзеге асыруға арналған регламентті білу

1.5. Терминдер, қысқартулар және анықтамалар.

1.5.1) Ережеде келесі терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады:

Терминдер	Анықтамалар
1	2
Магистрантты қорытынды мемлекеттік аттестаттау	тиісті бағыт бойынша бітіруші біліктілік жұмысын (магистрлік диссертацияны) қорғауды қамтиды.
Құзыреттер	кәсіби қызметте оқыту процесінде алған білімді, шеберлікті және дағдыларды практикалық пайдалану кабілеті.
Магистрант	магистратурада білім алатын тұлға.
Магистратура	тиісті білім беру бағдарламасы бойынша кемінде 60-120 академиялық кредиттерді міндетті түрде игере отырып, "магистр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейі.
Магистрлік диссертация	ғылым мен техниканың заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген, таңдап алынған

	білім беру бағдарламасы саласындағы өзекті мәселенің теориялық және / немесе практикалық әзірлемелерін қамтитын өзіндік ғылыми зерттеу болып табылатын ғылыми-педагогикалық магистратура магистрантының бітіру жұмысы.
Магистрлік жоба	таңдалған білім беру бағдарламасының өзекті мәселесінің қолданбалы есебін шешуге мүмкіндік беретін теориялық және(немесе) эксперименталдық нәтижелері бар өзіндік зерттеу болып табылатын бейіндік магистратура магистрантының бітіру жұмысы.
Зерттеу нысаны	мәселелік жағдайды тудыратын және зерттеу үшін таңдалған процесс немесе құбылыс.
Зерттеу пәні	ғылыми іздестіру жүргізілетін нысанның нақты саласы.

1.5.2) Ережеде келесі қысқартулар қолданылады:

Қысқартулар	Терминдер
1	2
ЖОЖ	Жеке оқу жоспары
ҚМА	Қорытынды мемлекеттік аттестаттау
Ереже	Магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысы туралы ереже
ЖЭК	Жергілікті-этикалық комиссия
МҒЗЖ	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы
ҒКК	Ғылыми-клиникалық кеңес
МДБ	Магистратура және докторантура бөлімі
ҒК	Ғылыми кеңес
МЭЗЖ	Магистранттың эксперименталды-зерттеу жұмысы

1.6. Осы процесске жетекшілік ететін топ-менеджер ғылыми және клиникалық жұмыс жөніндегі проректор болып табылады.

1.7. Енгізілетін формалар

Осы Ереже келесі нысандарды қолданысқа енгізеді:

Формалар	Форманың атауы
1	2
F-PL-03-13-06-01	Диссертациялық жұмыстың аннотациясы
F-PL-03-13-06-02	Патентке қабілетсіз диссертацияны патенттік-ақпараттық іздестіру туралы есеп
F-PL-03-13-06-03	Патентке қабілетті диссертацияны патенттік-ақпараттық іздестіру туралы есеп
F-PL-03-13-06-04	МҒЗЖ / МЭЗЖ тақырыбын өзгертуге өтініш
F-PL-03-13-06-05	Магистранттың ғылыми / эксперименттік-зерттеу жұмысының орындалуы туралы есеп
F-PL-03-13-06-06	МҒЗЖ/ МЭЗЖ бойынша семестрлік бағалау парағы

2. Процесті жүзеге асыру тәртібі

2.1. Магистранттың ғылыми /эксперименталды-зерттеу жұмысының кезеңдері

2.1.1) МҒЗЖ/МЭЗЖ барлық оқу мерзімі ішінде магистрлік бағдарламаны жүзеге асыратын бітіртуші кафедра ұйымдастырады.

2.1.2) МҒЗЖ/МЭЗЖ келесі кезеңдерді қамтиды:

а) осы саладағы зерттеу жұмыстарының тақырыптарымен танысуды және зерттеу тақырыбын таңдауды, таңдалған тақырып бойынша зерттеу жұмыстарының

шолуымен реферат жазуды қамтитын ғылыми/эксперименталды-зерттеу жұмыстарын жоспарлау;
b) жеке жоспарға сәйкес ғылыми /эксперименталды-зерттеу жұмыстарын жүргізу;
c) ғылыми басылымдарда нәтижелерді жариялау және/немесе ғылыми-практикалық, ғылыми-әдістемелік конференцияларда ұсыну;
d) мемлекеттік аттестаттау комиссиясының отырысында магистрлік диссертацияны/жобаны көпшілік алдында қорғау.
2.1.3) МҒЗЖ магистратурада оқудың барлық кезеңінде орындалады: МҒЗЖ оқытудың алғашқы бір жарым жылы теориялық оқытумен қатар, ал екінші оқу жылының соңғы семестрінде магистрлік диссертацияны жазу барысында жүзеге асырылады.
2.1.4) Магистранттың ғылыми жетекшісінің ғылыми дәрежесі болуы және ғылымның осы саласында (магистрантты оқыту мамандығы бойынша) ғылыми зерттеулермен белсенді айналысуы тиіс. Қажет болған жағдайда ғылымның аралас салалары бойынша ғылыми кеңесшілер тағайындалуы мүмкін.

2.2. Магистранттың ғылыми / эксперименталды-зерттеу жұмысын ұйымдастыру

2.2.1) Оқу жылының басында кафедралар ғылыми жетекшілердің аты-жөні көрсетілген тақырыптар тізімін ұсынады.
2.2.2) Магистранттың тақырыпты таңдауы және оны ғылыми жетекшімен алдын ала талқылау 2 апта ішінде жүргізіледі.
2.2.3) МҒЗЖ/МЭЗЖ күнтізбелік жоспары ғылыми жетекшінің басшылығымен құрастырылады, ол диссертациялық жұмыс аннотациясының негізгі бөлімі болып табылады (F-PL-03-13-06-01), барлық оқу кезеңіне магистранттың жеке жұмыс жоспарының құрамдас бөлігі болып табылады және кезеңдер бойынша нақты тапсырмаларды және оларды орындау мерзімдерін, есеп беру түрі мен нысанын қамтиды.
2.2.4) МҒЗЖ/МЭЗЖ тақырыбы 2-ай басталғанға дейін кафедра отырысында, одан кейін университеттің ғылыми-клиникалық кеңес отырысында қаралады және талқыланады, және 31 қазанға дейін Ғылыми кеңесте және ректордың бұйрығымен бекітіледі.
2.2.5) МДБ Ғылыми кеңесінде бекіту үшін ҒК хатшысына магистрант МДБ ұсынған келесі құжаттардың негізінде ғылыми жетекшілер мен тақырыптардың тізімін береді:
a) патентке қабілетсіз диссертацияны патенттік-ақпараттық іздестіру туралы есеп (F-PL-03-13-06-02) немесе патентке қабілетсіз диссертацияны патенттік-ақпараттық іздестіру туралы есеп (F-PL-03-13-06-03);
b) диссертациялық жұмыстың аннотациясы, онда тақырыптың өзектілігі, оның жаңалығы, зерттеудің мақсаты, міндеттері, зерттеу материалдары мен әдістері, болжамды нәтиже, диссертациямен жұмыстың жалпыланған күнтізбелік жоспары көрсетілуі тиіс;
c) кафедра отырысы хаттамасының көшірмесі;
d) ғылыми-клиникалық кеңес отырысы хаттамасының көшірмесі.
2.2.6) Жоспарлау кезінде магистранттың ғылыми/эксперименталдық жұмысы университеттің ЖЭК этикалық нормаларын сақтау зерттеулерінде тәуелсіз баға алуы тиіс.
2.2.7) Магистранттың диссертациясының/жобасының бекітілген тақырыбын түзету ғылыми жетекшінің келісімі бойынша, бітіртуші кафедраның және Ғылыми кеңестің

шешімі бойынша магистранттың өтініші (F-PL-03-13-06-04) тақырыптың атауын өзгерту себептерінің негіздемесі қоса беріледі.

2.2.8) Диссертация тақырыбын өзгерту ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранттар үшін ғылыми жетекшінің келісімі бойынша, бітіртуші кафедраның және Ғылыми кеңестің шешімі бойынша бірінші оқу жылы ішінде магистранттың өтініші негізінде рұқсат етіледі (F-PL-03-13-06-04) оны өзгерту қажеттігі себептерін негіздей отырып және магистратурада оқу мерзімі аяқталғанға дейін диссертацияны орындау және оны қорғауға ұсыну мүмкіндігін растайтын құжаттарды қоса беру арқылы жүзеге асырылады.

2.3. МҒЗЖ және МЭЗЖ қойылатын талаптар

2.3.1) Ғылыми-педагогикалық магистратурадағы МҒЗЖ тиіс:

a) магистрлік диссертация қорғалатын мамандықтың негізгі мәселесіне сәйкес келуі;

b) өзекті, ғылыми жаңалықты және практикалық маңызды болуы;

c) ғылым мен практиканың қазіргі теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделуі;

d) ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдану арқылы орындалуы;

e) негізгі қорғалатын ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерін қамтуы;

f) тиісті білім саласындағы озық халықаралық тәжірибеге сүйенуі.

2.3.2) Бейінді магистратурадағы МЭЗЖ тиіс:

a) қорғалатын магистрлік жоба мамандықтың негізгі мәселесіне сәйкес келуі;

b) ғылым, техника және өндірістің заманауи жетістіктеріне негізделуі және нақты практикалық ұсынымдарды, басқару міндеттерінің дербес шешімдерін қамтуы;

c) озық ақпараттық технологияларды қолдану арқылы орындалуы;

d) негізгі қорғалатын ережелер бойынша эксперимент-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерін қамтуы.

2.3.3) МҒЗЖ/МЭЗЖ шеңберінде магистранттың жеке жұмыс жоспарында тиісті саладағы немесе қызмет салаларының ғылыми ұйымдарында және (немесе) ұйымдарында міндетті түрде ғылыми тағылымдамадан өту көзделеді.

2.4. Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысын бақылау

2.4.1) МҒЗЖ/МЭЗЖ нәтижелерін магистрант МҒЗЖ/МЭЗЖ орындау туралы есеп түрінде рәсімдейді (F-PL-03-13-06-05) және ғылыми жетекшіге бекітуге ұсынылады.

2.4.2) Әр семестрдің соңында магистрант ғылыми және клиникалық жұмыс жөніндегі проректордың төрағалық етуімен құрамында бітіртуші кафедраның ПОҚ, ғылым бөлімі және магистратура және докторантура бөлімінің бастықтары кіретін комиссия алдында МҒЗЖ/МЭЗЖ орындалуы туралы есепті қорғайды.

2.4.3) Есепті бағалау балмен жүргізіледі, оның 70 балына дейін практика жетекшісі және 30 балға дейін – есепті қорғау кезінде комиссия қояды және МҒЗЖ/МЭЗЖ бойынша бағалау парағында толтырылады (F-PL-03-13-06-06).

2.4.4) МҒЗЖ/МЭЗЖ бойынша есептің нәтижелері МҒЗЖ/МЭЗЖ орындау бойынша есептің бағалау хаттамасымен ресімделеді (F-PL-03-13-06-07), оны бітіртуші кафедраның оқытушысы немесе магистратура және докторантура бөлімінің

қызметкері болып табылатын Комиссия хатшысы әрбір магистрантқа жеке толтыртады.

2.4.5) Ғылыми жетекшінің және Комиссия мүшелерінің бағаларынан құралатын МҒЗЖ/МЭЗЖ бойынша есептің сараланған бағасы бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша ведомоска қойылады.

2.4.6) Жеке хаттаманы ресімдеу үшін семестрдің МҒЗЖ/МЭЗЖ бойынша ведомосі негіз болып табылады.

2.4.7) МҒЗЖ/МЭЗЖ туралы есептер екі данада жасалады: бекітілген есептің бірінші данасы магистрантта қалады, екіншісі МДБ сақталады.

2.4.8) **МҒЗЖ нәтижелері:**

1-ші семестрде:

a) Осы саладағы зерттеу жұмыстарының тақырыптарымен танысу (әдеби шолу, патентке қабілетті / патентке қабілетті емес диссертацияны патенттік-ақпараттық іздестіруді жүргізу бойынша есеп);

b) Зерттеу тақырыбын таңдау және негіздеу, зерттеу жаңалығы және практикалық маңыздылығы (аннотация дайындау);

c) Зерттеудің мақсаттарын тұжырымдау және міндеттерін қою (аннотация);

d) Материалдарды таңдау және мәселені шешу әдісі (аннотация);

e) Семинарларға, конференцияларға қатысу, тезистерді дайындау (бағдарлама, сертификат);

f) ЖЭК құжаттар дайындау, ЖЭК қорытындысы.

2- семестрде:

a) Материалды жинау көлемі (клиникалық, эксперимент, зертханалық зерттеулер, сауалнама және т. б. дайындау), МҒЗЖ орындаудың күнтізбелік жоспарына сәйкестігі;

b) Диссертацияның тақырыбы бойынша алынған мәліметтерді өңдеу және талдау, МҒЗЖ орындаудың күнтізбелік жоспарына сәйкестігі;

c) Журналдарда, ғылыми еңбектер жинақтарында мақалаларды (тезистерді) дайындау немесе жариялау (мақала қолжазбасы немесе мақаланы, тезистерді жариялауға қабылдау туралы анықтама);

d) Конференцияларда, семинарларда баяндама жасау (конференция, семинар бағдарламасы, сертификат).

3- ші семестрде:

a) Материал жинауды аяқтау (клиникалық, эксперимент, зертханалық зерттеулер, сауалнамалар және т. б. дайындау), МҒЗЖ орындаудың күнтізбелік жоспарына сәйкестігі;

b) Диссертацияның тақырыбы бойынша алынған мәліметтерді өңдеу және талдау, МҒЗЖ орындаудың күнтізбелік жоспарына сәйкестігі;

c) Журналдарда, ғылыми еңбектер жинақтарында мақалаларды (тезистерді) дайындау және жариялау (басылымға қабылдау туралы анықтама немесе мақала бедері);

d) Конференцияларда, семинарларда баяндама жасау (конференция, семинар бағдарламасы, сертификат);

е) Ғылыми жетекшінің бағалауы үшін диссертацияның электрондық нұсқасы (ғылыми жетекшінің анықтамасы).

4- ші семестрде:

а) Магистрлік диссертацияның қолжазбасын алдын ала қорғауға ұсыну (диссертацияның қолжазбасы, ғылыми жетекшінің пікірі), плагиатқа тексеру (анықтама);

b) Диссертацияны алдын ала қорғау (алдын ала қорғау өткізу туралы хаттамадан үзінді);

c) Журналдарда, ғылыми еңбектер жинақтарында мақала жариялау (мақала бедерлері, мақала жарияланған күні туралы анықтама);

d) Конференцияларда, семинарларда баяндама жасау (конференция, семинар бағдарламасы, сертификат);

е) Магистрлік диссертацияны рәсімдеу.

2.4.5) **МЭЗЖ нәтижелері:**

1- семестрде:

а) Осы саладағы зерттеу жұмыстарының тақырыптарымен танысу (әдеби шолу, патентке қабілетті / патентке қабілетті емес диссертацияны патенттік-ақпараттық іздестіруді жүргізу бойынша есеп);

b) Зерттеу тақырыбын таңдау және негіздеу, зерттеу жаналығы және практикалық маңыздылығы (аннотация дайындау);

c) зерттеу мақсаттарын тұжырымдау және міндеттерін қою (аннотация) материалды және мәселені шешу әдістерін таңдау (аннотация);

d) ЖЭК құжаттар дайындау, ЖЭК қорытындысы;

е) Семинарларға, конференцияларға қатысу, тезистерді дайындау (бағдарлама, сертификат).

2- ші семестрде:

а) Материал жинауды аяқтау (клиникалық, эксперимент, зертханалық зерттеулер, сауалнама және т. б. дайындау), диссертация тақырыбы бойынша алынған деректерді өңдеу және талдау, МЭЗЖ орындаудың күнтізбелік жоспарына сәйкес келуі;

b) Магистрлік диссертацияның қолжазбасын алдын ала қорғауға ұсыну (диссертацияның қолжазбасы, ғылыми жетекшінің пікірі), плагиатқа тексеру (анықтама);

c) Диссертацияны алдын ала қорғау (алдын ала қорғау өткізу туралы хаттамадан үзінді);

d) Журналдарда, ғылыми еңбектер жинақтарында мақала жариялау (мақала бедерлері, мақала жарияланған күні туралы анықтама) немесе конференцияларда, семинарларда баяндама жасау (конференция, семинар бағдарламасы, сертификат);

е) Магистрлік диссертацияны / жобаны ресімдеу.

2.4.6) МҒЗЖ / МЭЗЖ соңғы қорытындысы магистрлік диссертация (жоба) болып табылады.

2.4.7) Магистрлік диссертацияның / жобаның негізгі нәтижелері кем дегенде 2 (екі) басылымда (ғылыми-педагогикалық бағыт үшін) және диссертация тақырыбы

бойынша бір жарияланым (бейіндік бағыт үшін) ғылыми басылымдарда және/немесе ғылыми конференцияда сөз сөйлеуде ұсынылуы тиіс.
2.4.8) Магистрлік диссертация (жоба) міндетті түрде плагиат бойынша тексеруден өтеді.
2.4.9) Магистранттың ғылыми жетекшісі бақылауы тиіс:
a) магистранттың жеке жоспарын орындауын;
b) зерттеу тәжірибесін өткізуін;
c) ғылыми тағылымдама бағдарламасын дайындауы және оны орындауын;
d) жарияланымдар жоспарының орындалуын;
e) магистранттың жеке жұмыс жоспарын орындау туралы, практикадан және тағылымдамадан өтуі туралы есепті уақытылы дайындауын және ұсынуын.
2.4.10) Магистранттарға университет арқылы жүзеге асатын қаржыландырылатын мемлекеттік және халықаралық бағдарламалар мен гранттар шеңберінде МҒЗЖ орындауға мүмкіндік берілуі тиіс.
2.4.11) Университет магистрантқа зерттеу нәтижелерін жариялауға көмектеседі.

3. Құқығы

3.1. Магистрант құқылы:
3.1.1) жеке жұмыс жоспарын құрастыру, ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру барысында жетекшінің кеңесіне және көмегіне.
3.1.2) ғылыми жетекшінің келісімі бойынша магистрлік диссертацияның тақырыбын еркін таңдауға, оқу барысында магистрлік диссертацияның тақырыбын нақтылауға.
3.1.3) өз еңбектерін мерзімді басылымдарда, соның ішінде университет басылымдарында жариялауға.
3.1.4) МҒЗЖ/МЭЗЖ (магистрлік диссертация/жоба) ұйымдастыруды және орындауды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге.
3.2. Ғылыми жетекші құқылы:
3.2.1) магистранттың зерттеу бағытына сәйкес магистрлік диссертация тақырыбын және зерттеу практикасының базасын таңдауға.
3.2.2) мемлекеттік білім беру стандарты мен практика бағдарламасында белгіленген талаптарға сәйкес зерттеу практикасына басшылық етуге.
3.2.3) МҒЗЖ (магистрлік диссертацияның/жобаның) орындалу барысы туралы ақпарат (есеп) алуға (магистрант жұмысына жауапкершілікпен қарамаған жағдайда тиісті шаралар қолдануға).
3.2.4) магистранттың магистрлік диссертацияны/жобаны қорғауға жіберілуін немесе жіберілмеуін жүзеге асыруға.
3.2.5) магистрлік диссертация/жоба тақырыбы бойынша ғылыми кеңесшіні таңдауға (қажет болған жағдайда).
3.2.6) магистрлік диссертация / жоба бойынша сыртқы рецензентті таңдауға.
3.3. Кафедра меңгерушісі құқылы:
3.3.1) есепті қорғауда сұрақтар қоюға, магистранттың зерттеу жұмысына пікір, ұсыныс, сипаттама беруге.
3.4. Комиссия құқылы:

3.4.1) есепті қорғауда сұрақтар қоюға, магистранттың зерттеу жұмысына пікір, ұсыныс, сипаттама беруге.

4. Жауапкершілік

4.1. Магистрант жауапты:
4.1.1) Диссертация/жобаның мазмұнына;
4.1.2) Сырттан алынған ақпараттар дәрежесінің артуына;
4.1.3) Диссертацияны/жобаны ресімдеу сапасына;
4.1.4) Өзінің жеке жұмыс жоспарының талаптарын уақтылы орындалуына;
4.1.5) МҒЗЖ бойынша есептерді ғылыми жетекшіге уақтылы ұсынуына.
4.2. Магистранттың ғылыми жетекшісі жауапты:
4.2.1) Зерттеу сапасына;
4.2.2) МҒЗЖ/МЭЗЖ бағдарламаларын әзірлеудің мазмұны мен сапасына;
4.2.3) Магистранттың жеке жоспарында қарастырылған барлық жұмыс түрлерін магистрант уақытылы және сапалы орындауына;
4.2.4) Магистранттың диссертацияны / жобаны талап етілетін форма бойынша ұсынуына.
4.3. Бітіруші кафедра меңгерушісі жауапты:
4.3.1) ғылыми жетекшінің және рецензенттің МҒЗЖ/МЭЗЖ бағдарламасына тағайындалуы;
4.3.2) жұмыс берушілердің қатысуымен МҒЗЖ/МЭЗЖ тақырыптарын анықтау және оларды үнемі жаңарту;
4.3.3) мамандықтың МҒЗЖ/МЭЗЖ тақырыптарының және магистранттарды дайындау бағытына сәйкестігі;
4.3.4) магистранттың МҒЗЖ/МЭЗЖ бағдарламасын уақытылы және сапалы орындауы.
4.4. Комиссия жауапты:
4.4.1) Күнтізбелік жоспарға сәйкес МҒЗЖ/МЭЗЖ орындалуын бағалаудың объективтілігіне.
4.4.2) МҒЗЖ/МЭЗЖ бойынша есепті бағалау жөніндегі комиссия отырысы хаттамасының дұрыс, нақты мазмұнына.
4.5. Комиссия хатшысы жауапты:
4.5.1) МҒЗЖ/МЭЗЖ бойынша есепті бағалау жөніндегі комиссия отырысы хаттамасының дұрыс, нақты мазмұнына жауапты.

1. Общие положения

1.1. Положение о научно и экспериментально-исследовательской работе магистрантов (далее – Положение) НУО «Казахстанско-Российский медицинский университет» (далее – Университет) разработано с целью регламентации научно-исследовательской работы магистрантов, контроля и оценки ее проведения.

1.2. Нормативные ссылки:

1.2.1) Закон Республики Казахстан «Об образовании».

1.2.2) Государственный общеобязательный стандарт послевузовского образования.

1.2.3) Правила организации учебного процесса по кредитной технологии обучения.

1.2.4) Типовые правила деятельности организаций образования, реализующих образовательные программы высшего и (или) послевузовского образования.

1.2.5) Академическая политика Университета

* *Если в ссылке указана датированная версия документа, то применяется только эта версия. Для недатированных ссылок применимой является последняя действующая версия ссылочного документа (включая любые поправки).*

1.3. Требования настоящего Положения распространяются на структурные подразделения, которые участвуют в процессе организации и проведении научно-исследовательской работы магистрантов Университета.

1.4. Заинтересованные стороны:

Заинтересованная сторона	Потребности и ожидания
1	2
Внешние аудиторы	Повышение эффективности проведения внешнего аудита
Отдел магистратуры и докторантуры	Организация, координации и контроль проведения научно-исследовательской работы магистрантов Университета.
Профессорско-преподавательский состав	Проведение компетентной оценки научно-исследовательской работы магистранта
Научный руководитель	Координация и компетентная оценка научно-исследовательской работы магистранта
Магистранты	Знания регламента для осуществления научных исследований

1.5. Термины, сокращения и определения

1.5.1) В положении применяются следующие термины и их определения:

Термины	Определения
1	2
Итоговая государственная аттестация магистранта	включает защиту выпускной квалификационной работы (магистерской диссертации) по соответствующему направлению
Компетенции	способность практического использования приобретенных в процессе обучения знаний, умений и навыков в профессиональной деятельности;
Магистрант	лицо, обучающееся в магистратуре;
Магистратура	уровень послевузовского образования, направленный на подготовку кадров с присуждением степени «магистр» по соответствующей образовательной программе с обязательным освоением не менее 60-120 академических кредитов;
Магистерская диссертация	выпускная работа магистранта научно-педагогической магистратуры, представляющая собой самостоятельное научное исследование, содержащее теоретические и/или

	практические разработки актуальной проблемы в области избранной образовательной программы, основанное на современных теоретических, методических и технологических достижениях науки и техники;
Магистерский проект	выпускная работа магистранта профильной магистратуры, представляющая собой самостоятельное исследование, содержащее теоретические и(или) экспериментальные результаты, позволяющие решать прикладную задачу актуальной проблемы избранной образовательной программы;
Объект исследования	процесс или явление, порождающее проблемную ситуацию и избранное для изучения
Предмет исследования	конкретная область объекта, внутри которой ведется научный поиск

1.5.2) В положении применяются следующие сокращения:

Сокращения	Термины
1	2
ИУП	Индивидуальный учебный план
ИГА	Итоговая государственная аттестация
Положение	Положение о научно-исследовательской работе магистрантов
ЛЭК	Локально-этическая комиссия
НИРМ	Научно-исследовательская работа магистранта
НКС	Научно-клинический совет
ОМД	Отдел магистратуры и докторантуры
УС	Ученый совет
ЭИРМ	Экспериментально-исследовательская работа магистранта

1.6. Курирующим топ-менеджером для данного процесса является проректор по научной и клинической работе.

1.7. Вводимые формы

Настоящие Правила вводят в действие следующие формы:

Форма	Наименование формы
1	2
F-PL-03-13-06-01	Аннотация диссертационной работы
F-PL-03-13-06-02	Отчет о патентно-информационном поиске непатентоспособно диссертации
F-PL-03-13-06-03	Отчет о патентно-информационном поиске патентоспособной диссертации
F-PL-03-13-06-04	Заявление на изменение темы НИРМ/ЭИРМ
F-PL-03-13-06-05	Отчет о выполнении научно/экспериментально-исследовательской работы магистранта
F-PL-03-13-06-06	Семестровый оценочный лист по НИРМ/ЭИРМ
F-PL-03-13-06-07	Протокол оценки отчета по выполнению НИРМ/ЭИРМ

2. Порядок осуществления процесса

2.1. Этапы научно/экспериментально-исследовательской работы магистранта

2.1.1) НИРМ/ЭИРМ в течение всего срока обучения организуется выпускающей кафедрой, осуществляющей реализацию магистерской программы.

2.1.2) НИРМ/ЭИРМ включает следующие этапы:

a) планирование научно/экспериментально-исследовательской работы, включающее ознакомление с тематикой исследовательских работ в данной области и выбор темы исследования, написание реферата с обзором исследовательских работ по избранной теме;
b) проведение научно/экспериментально-исследовательской работы в соответствии с индивидуальным планом;
c) публикацию результатов в научных изданиях и/или представление на научно-практических, научно-методических конференциях;
d) публичную защиту магистерской диссертации/проекта на заседании государственной аттестационной комиссии.
2.1.3) НИРМ выполняется на протяжении всего периода обучения в магистратуре: первые полтора года обучения НИРМ осуществляется параллельно с теоретическим обучением, а в последнем семестре второго года обучения – в процессе написания магистерской диссертации.
2.1.4) Научный руководитель магистранта должен иметь ученую степень и активно заниматься научными исследованиями в данной отрасли науки (по специальности обучения магистранта). При необходимости могут назначаться научные консультанты по смежным отраслям наук.

2.2. Организация научно/экспериментально-исследовательской работы магистранта

2.2.1) В начале учебного года кафедрами предоставляются магистрантам список тем с указанием фамилий научных руководителей.
2.2.2) Выбор темы магистрантом и предварительное ее обсуждение с научным руководителем производится в течение 2-х недель.
2.2.3) Календарный план НИРМ/ЭИРМ составляется под руководством научного руководителя, является основным разделом аннотации диссертационной работы (F-PL-03-13-06-01), составляющей частью индивидуального плана работы магистранта на весь период обучения и содержит конкретные задания по этапам и сроки их выполнения, вид и форму отчетности.
2.2.4) Тема НИРМ/ЭИРМ рассматривается и обсуждается на заседании кафедры до начала 2-го месяца, затем на заседании научно-клинического совета университета, и до 31 октября утверждается на Ученом совете и приказом ректора.
2.2.5) Для утверждения на Ученом Совете ОМД подает секретарю УС список тем и научных руководителей на основании представленных магистрантом в ОМД следующих документов:
a) Отчет о патентно-информационном поиске непатентоспособной диссертации (F-PL-03-13-06-02) или Отчет о патентно-информационном поиске непатентоспособной диссертации (F-PL-03-13-06-03);
b) аннотацию диссертационной работы, в которой должны быть указаны актуальность темы, ее новизна, цель, задачи исследования, материалы и методы исследования, предполагаемый результат, обобщенный календарный план работы над диссертацией;
c) выписка из протокола заседания кафедры;
d) выписка из протокола заседания научно-клинического совета.

2.2.6) При планировании научная/экспериментальная работа магистранта должна получить независимую оценку исследований на соблюдение этических норм ЛЭК университета.

2.2.7) Корректировка утвержденной темы диссертации/проекта магистранта допускается по согласованию с научным руководителем, по решению выпускающей кафедры и Ученого Совета на основании заявления магистранта (F-PL-03-13-06-04) с приложением обоснования причин изменения названия темы.

2.2.8) Изменение темы диссертации допускается для магистрантов научно-педагогического направления по согласованию с научным руководителем, по решению выпускающей кафедры и Ученого совета в течение первого года обучения на основании заявления магистранта (F-PL-03-13-06-04) с обоснованием причин необходимости ее изменения и с приложением документов, подтверждающих возможность выполнения диссертации до окончания срока обучения в магистратуре и представления ее к защите.

2.3. Требования к НИРМ и ЭИРМ

2.3.1) НИРМ в научно-педагогической магистратуре должна:

a) соответствовать основной проблематике специальности, по которой защищается магистерская диссертация;

b) быть актуальной, содержать научную новизну и практическую значимость;

c) основываться на современных теоретических, методических и технологических достижениях науки и практики;

d) выполняться с использованием современных методов научных исследований;

e) содержать научно-исследовательские (методические, практические) разделы по основным защищаемым положениям;

f) базироваться на передовом международном опыте в соответствующей области знания.

2.3.2) ЭИРМ в профильной магистратуре должна:

a) соответствовать основной проблематике специальности, по которой защищается магистерский проект;

b) основываться на современных достижениях науки, техники и производства и содержать конкретные практические рекомендации, самостоятельные решения управленческих задач;

c) выполняться с применением передовых информационных технологий;

d) содержать экспериментально-исследовательские (методические, практические) разделы по основным защищаемым положениям.

2.3.3) В рамках НИРМ/ЭИРМ индивидуальным планом работы магистранта предусматривается обязательное прохождение научной стажировки в научных организациях и (или) организациях соответствующих отраслей или сфер деятельности.

2.4. Контроль научно-исследовательской работы магистранта

2.4.1) Результаты НИРМ/ЭИРМ оформляются магистрантом в виде отчета о выполнении НИРМ/ЭИРМ (F-PL-03-13-06-05) и предоставляются для утверждения научному руководителю.

